

Қазығұрт ауданы
«Аққу» балабақшасы

Бекіткен
«Аққу» балабақша
менгерушісі
Г.Т.Ибраимова



Мерекелік ертеңгілік
Тақырыбы: «Алтын күз, келді бақшама»



МАД «Жұлдызша» тобы
Тәрбиешілер: Салибекова Г
Айгелді Н

02.11.2023ж

Құстар қанат қағады
Қоштасқандай бізбенен.

Аңсар:

Алтын,сары, қызыл көк
Алуан –алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап

Аян:

Шоғы толған гүлдей жайнап
Шақырады жарқын жүз
Сайрандаған күліп ойнап
Келді міне Алтын күз!

Нұрым:

Нан атасы бидаймын
Елге астық сыйлаймын
Дәнім толып піскенде
Қауызыма сыймаймын!

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар. Ендеше « Алтын күз» әнін бірге орындайық.

Тәрбиеші: Рахмет балалар! Ендігі кезекте балаларды тақпақтарына берейік.

Ортаға:

Айбар:

Күздің қазан айында
Алма- алмұрт піседі
Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр-сыбдыр түседі.

Ақтолқын:

Жаңартқан ғаламды
Жаңбырлы ғажап ай
Осынау заманды
Орнатқан қазан айы

Хансұлтан:

Жемісті мол теретін
Күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген
Аслан: Жеміс —жидек пісті
Қамбаға астық түсті
Қызу жұмыс басталып
Жинап алды жан салып

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Енді біздің балаларымыздың орындауында « Тамшылар» биін тамашалайық!

Ортаға: Ақназар, Нұрым, Аян, Хансұлтан, Айбар, Димаш, Ернар, Алихан, Абай, Бибол.

Тәрбиеші: Рахмет балалар! Тамаша биледіндер. Ендігі кезекте «Осень К нам пришла» әнін бірге орындайық!

Тәрбиеші: Ендеше ата аналар біздің балаларымыздың орындауында « Алма ертегісін» сахналаймыз. Ертегіге ортаға:

Қоян-Айша

Қарға- Дарын

Кірпі- Рауан

Аю-Ақназар

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Ендігі кезекте балалардың такпақтарын тындайық. Ортаға:

Дарын: Сау-сау етіп жапырақ

Сабағынан үзілген

Қоңыр артып атырап

Көкке құстар тізілген.

Хабиб: Жетті желмен алтын күз

Жеміс жинау салтымыз

Жинап-теріп болған соң

Той жасайды халқымыз.

Айша: Айнала сары ала

Қырманға дән тола.



«Аққу» балабақшасы МАД « Жұлдызша »
тобының «Алтын күз, келді бақшама!» атты
ертеңгілігінің

А Н Ы Қ Т А М А С Ы.

МАД« Жұлдызша» тобында «Алтын күз, келді бақшама!» атты мерекелік ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікке 25 бала қатысты. Балалар ертеңгілікті Күзгі вальс» биімен бастады. Балалардың тақпақтары мен әндері мерекеге сай таңдалған. Балалар «Тамшылар» биін орындады. Мерекеге « күз ханшаймы » қонаққа келді. Қыздар қолдан жасалған сән үлгісін көрсетті. Балалар «Алма» ертегісін сахналады. Мерекелік ертеңгілікте Тәрбиешінің сөз мәнері, ертеңгілікті ұйымдастыруы сценариді білуі жоғары деңгейде.

Ертеңгілікте орын алған жетістіктері:

Ертеңгілік өз деңгейінде өтті, балалар көңілді. Балабақша ұжымына өз алғыстарын білдірді.

Ұсыныс:

- Тәрбиешілерге жаңа табыс тілейміз.

Қызылқия е.м 02.11.2023ж